



**Автор:** Есекеева Мадина Конакбаевна  
**Пән:** Қазақ тілі  
**Сынып:** 3-сынып  
**Бөлім:** Жанды табиғат  
**Тақырып:** Күз келді

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау 3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем) 3.5.1.2 өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
Сабақтың мақсаты:	<b>Оқушылардың барлығы:</b> күз мезгілі туралы шағын әңгіме құра алу ,сұраулық шылауларды тақырып аясында орынды қолдана алу; <b>Оқушылардың көпшілігі:</b> тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздер негізінде сөйлейді, жалғауларды дұрыс қолданады; <b>Оқушылардың кейбірі:</b> тақырып бойынша білетін қосымша ақпаратымен бөліседі.
Тілдік мақсаттар:	<b>Оқушылар:</b> Мәтіннің жазылу ережесін біліп, қолдануын дағдыға айналдырады. <b>Пән лексикасы және терминология:</b> Жаңа сөздер мен терминология өзгеру, сыныптастар Тәуелдік жалғау, көптік жалғау Сыныптасым, сыныптастарым. Алақай! Бәрекелді! Әттеген-ай! Қап! Пай-пай! Жә! Тәйт! Ойпырай! Шөре-шөре! Құрау-құрау! <b>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:</b> Келесі көріністе сіздер ..... тамашалайсыздар. Назарларыңызға ұсынылған қойылымда ..... куәгері боласыздар.
Бағалау критерийлері:	Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Берілген тірек сөздер негізінде сөйлейді. Сөйлемде сөздерді дұрыс байланыстырады. Күз жыл мезгілі туралы әңгімелей алады
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне және өзгелерге құрмет мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тыңдауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша толық орындауда, бір-біріне қолдау көрсетуінде көрініс табады. Ашықтық оқушыларға ақпаратты алуында бірдей мүмкіндіктер беруде, сабақ мақсатын бірге құрастыруда, бағалау мен кері байланыс беруде, бірнеше көзқарастың бар екенін түсінуде орын алады. Еңбексүйгіштік жұмыс орынын таза сақтауда, оқушылардың белсенді жұмысында, алшығармашылық жаңа идеяларды ұсынуда көрініс табады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint таныстырылымы
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	«Табиғат» тақырыбында сөздік қорын дамытып, тыңдалым дағдыларын дамытты. Мүмкін, шығар көмекші етістіктерінің қолданылу ережесін дағдыға айналдырады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы  
(10 минут)

**Қызығушылықты ояту** үшін миға шабуыл.

**Ертеңгілік шеңбер** «Менің есімім».

Әркім кезекпен өз атын атап, есімінің бас әрпінен басталатын сөз айтады.

Мысалы: Сандуғаш -сникерс, Әсел-әлем, Марат-мықты, Қанат-қайсар, Женя-жеңімпаз

**Ой қозғау.** Оқушылар суреттер арқылы жаңа тараудың мазмұнын болжайды.

Жыл мезгілдерінің суреттерін көрсету және сұрақ қою:

• Бүгінгі сабағымыз қай мезгілге қатысты деп ойлайсыңдар?

Неліктен?(оқушылар өздері сабақтың тақырыбын анықтайды)

Сабақтың мақсатымен таныстыру

Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінемін.

Берілген тірек сөздер негізінде сөйлеймін.

Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырамын.

Оқу мақсатымен, тілдік мақсатпен танысады;

Жетістік критерийлерін болжайды;

Жетістік критерийлерімен танысады.

Сұрақтарға жауап беру.

Сөзжұмбақ арқылы. Күз

		<b>К</b>	и	і	м
	к	<b>Ү</b>	ш	т	і
ж	а	<b>З</b>			

1. «Одежда» сөзінің аудармасы.

2. «Сильный» сөзінің аудармасы.

3. «Лето» сөзінің аудармасы.

[аю](#)  
[көбелек](#)

Сабақтың ортасы  
(20 минут)

**МК, Ұ)** Жаңа сөздерді сурет арқылы, анықтама беру арқылы меңгерту  
**Сөздік жұмысын жүргізу.**

Оқушылар мұқият тыңдап, сонан соң қайталайды. Қазақ әліпбиінде тән дыбыстармен фонетикалық жұмыс жүргізіледі.

күз-осень

қазан-октябрь

қыркүйек-сентябрь

қараша-ноябрь

**«Сұрақты ұстап ал» әдісі бойынша сұрақтарға жауап беру.**

1. Қандай киім түрлерін білесің?

2. Күзде қандай киім киесің?

3. Басыңа не киесің?

4. Қолыңа не киесің?

5. Аяғыңа не киесің?

6. Үстіңе не киесің?

---

**Топтық жұмыс 1-топ:** 1-тапс. Сурет бойынша бұл қай жыл мезгілі екенін әңгімелеу.

**2-топ.** Мәтінді түсініп оқып, аудару. Мәтінді оқыңыз; Мәтіннен одағайларды тауып, тыныс белгісін қойыңыз;

Күз-жыл мезгілдерінің бірі. Күз айлары-қыркүйек, қазан, қараша. Күзде жапырақтар сарғаяды. Егін орылады. Жеміс-жидек жиналады. Күз мезгілі тамаша!

Мәтінді оқыту, аудару. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

-Жылдың неше мезгілі бар?

-Күз айлары қандай?

-Сен қандай жыл мезгілін жақсы көресің?

**3-топ.** «Топтастыру» әдісі Күз және Жапырақтарды қызыл, сары, жасыл, қоңыр түстерге бояу.

Бағалау: Әткіншек әдісі арқылы бағаланады

---

Тыңдалым.

Бүгін – бірінші қыркүйек. Қыркүйек- күздің бірінші айы. Күзде күн райы өзгереді. Күн салқындайды, жапырақтар сарғаяды. Күзде сабақ басталады. Биыл Әлібек үшінші сыныпқа барады. Қанат пен Әлібек бір сыныпта оқиды. Олар – сыныптастар.

(Т) Оқылым. Жұптық жұмыс. Алдымен оқушылар оқулықтағы мәтінді оқып, мазмұнымен танысады. Оқулықта берілген сөйлемдерді 3 сөйлемнен бөліп беру. Жұптар өздеріне берілген сөйлемдерге сұрақ құрастырады.

Оқылым мәтіні

Мен үшінші сыныпқа барамын. Менің сыныбымда он ұл, он екі қыз оқиды. Бұлар – менің сыныптастарым.

2-топ: Бұл- Әнел. Мына сыныптасымның аты – Саша. Менің сыныптастарым әдепті, ақылды. Олар табиғатты жақсы көреді.

Сосын топтар сұрақтарымен ауысып, бір-бірінің сұрақтарына жауап береді. Жұптар бір-бірін комментарий айту арқылы бағалайды.

Кері байланыс «Бағдаршам» арқылы тапсырма бойынша кері байланыс жасайды.

**(МК, Ұ) Грамматикалық қоржын**

Кесте бойынша грамматикаға қысқаша түсінік беру. «Сынып» сөзіне «-тас» қосымшасын жалғағанда, сөздің мағынасының өзгергендігін, жаңа сөз пайда болғандығын түсіндіру. Ал «-ым» қосымшасының меншілікті көрсетіп тұрғандығын айту.

Менің сынып+тас+ым	Менің сынып+тас+тар+ым
Сенің сынып+тас+ың	Сенің сынып+тас+тар+ың
Оның сынып+тас+ы	Оның сынып+тас+тар+ы

Оқушылар екі қатарға тұрып, бір сөзді жекеше және көпше түрде айтады.

Менің досым-Менің достарым.

Менің ағам- Менің ағаларым.

Бір-біріне қарсы тұрған оқушылар «Бас бармақ» әдісі арқылы бірден бағалап отырады.

Сұраққа «**Иә (жоқ)**» деп жауап бере алуды және түс атауларын емес сөзімен қолдануды үйренеді.

-Алма қызыл ма?

-Иә, қызыл.

[Жыл мезгілдері](#)  
[Бағдаршам](#)

Сабақтың соңы (5 минут)	<p>«Құпия хат» әр түрлі фигуралар тізбегі оқушыларға таратылады.</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Сабақта қандай бөлімді қарастырдық?</li><li>2. Оқу мақсатына жету үшін біз қандай іс –әрекеттер жасадық?</li><li>3. Жұптық жұмыс түрінен алған әсеріңізбен бөліссеңіз?</li><li>4. Сөздік қорын қандай жаңа сөздермен толықтырдық?</li><li>5. Жеке жұмыс қаншылықты қиын болды?</li></ol> <p><b>Бағалау</b> Жетістік критерийлері бойынша</p> <p><b>Үй жұмысы</b> Жаңа сөздерді жаттау</p>	<a href="#">Пішіндер</a>
Рефлексия (5 минут)	Рефлексия. Оқушылар қиық қағаздарға жазып береді. Сабақта маған не пайдалы болды?	